



**БҰЙРЫҚ**

4 қаған 2024ж

Мақат кенті

**ПРИКАЗ**

№ 82

поселок Мақат

**Ата – аналарға арналған  
консультациялық пункт құру туралы**

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының (ҚР Үкіметінің 28.03.2023ж №249 қаулысы) тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған балаларға үйде сапалы күтім жасауды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету үшін ата – аналарды оқыту жұмыстарын күшейту және педагогикалық қолдау көрсету мақсатында ата – аналарға арналған консультациялық пункт құрылсын.
2. АКП қызметінің қызметкерлер құрамы бекітілсін (1 қосымша)
3. АКП ережесі жасақталып, жұмыс жоспары, жұмыс кестесі бекітілсін (2 қосымша) Жауапты: М.Нигмашева
4. АКП қызметі ҚР МЖМББ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының шеңберінде ұйымдастырылсын.
5. АКП қызметі туралы балабақшаның әлеуметтік желідегі парақшаларына хабарландыру жариялансын.
6. Бұйрықтың орындалысын қадағалау өзіме қалдырылсын.

**Бөбекжай – балабақша меңгерушісі**

**А.Мукангалиева**

Бұйрықпен таныстырылды

1. М. Нигмашева



2025 – 2026 оқу жылының балабақша АҚП қамтылмаған балалар тізімі

№	Баланың аты - жөні	Туған жылы, айы, күні	Ата-анасы туралы мәлімет	Жұмыс орны туралы мәлімет	Мекен жайы	Байланыс телефон	Бала саны
1	Бауыржан Айлин Әділжанқызы	09.03.2021	Әкесі-Абдешев Әдилжан Бауыржанұлы Анасы: Дүзелбаева Нұргүл Берікқалиқызы	Станция Макат, дизелист-топливник Депо Локомотив, замерщица	Б.Төлекбаев көшесі, 204 үй	8702-846-26-16	5
2	Марат Нұрмұхаммед Нұрбекұлы	07.09.2022	Купиев Нурбек Маратович Қайырова Гүлжанат Бағытжанқызы	Тенгиз ТОО «Карат», супервайзер. Бала күтімінде	Ағайынды Телішевтер көшесі, 79/1	870819 01223	2
3	Марат Дінмұхаммед Нұрбекұлы	07.09.2022	Купиев Нурбек Маратович Қайырова Гүлжанат Бағытжанқызы	Тенгиз ТОО «Карат», супервайзер. Бала күтімінде	Ағайынды Телішевтер көшесі, 79/1	870819 01223	2
4	Ақылбекұлы Бексұлтан	06.07.2022	Сарсенгалиев Ақылбек Елубаевич Ожаева Гүлшара Мұратқызы		Бейбітшілік көшесі, 12/27	877538 86771	6

Бекітемін  
КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-  
бақшасының меңгерушісі  
А.С.Муканғалиева   
«10»  2025 ж.

### 2025-2026 оқу жылындағы АҚП мамандар тізімі

№	Мамандардың аты-жөні	Лауазымы
1	Муканғалиева Актоты Сайлауовна	Меңгеруші
2	Нигмашева Майра Акатовна	Әдіскер
3	Нұрсұлтанова Нұрайым Нұранқызы	Медбике
4	Башанова Замира Нурышаевна	Педагог-психолог
5	Ильясова Жанагуль Казбековна	Музыка жетекшісі
6	Ерешева Гулсім Есекеевна	Логопед-дефектолог
7	Далу Әсем Ғалымжанқызы	Қазақ тілі маманы
8	Жанысбаева Айнур Бисенбаевна	Дене шынықтыру нұсқаушысы
9	Курбанова Гаухар Базарбаевна	Тәрбиеші

Бекітемін  
КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-  
бақшасының меңгерушісі  
А.С. Муканғалиева


«10» 08 2025 ж

### 2025-2026 оқу жылындағы АҚП жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы оның ішінде әлеуметтік желілер (Instagram, Facebook, Telegram) МДҰ сайты арқылы консультациялық пунктiнiң жұмысы басталғаны туралы ақпараттық стенд.	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	Дөңгелек үстел: «Кел, танысайық!»	Қазан	Меңгеруші, әдіскер, психолог
	«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасы туралы ақпарат беру		Әдіскер
3	Кеңес: «Біз қалай балалармен сөйлесеміз?»	Қараша	Әдіскер, психолог
4	«Денсаулық - күн тәртібі»	Желтоқсан	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
5	«Құтты болсын Жаңа жыл!» ертеңгілік	Желтоқсан	Әдіскер, Педагогтер
6	«Секіру» (балалармен қимыл қозғалыс ойындары)	Ақпан	Дене шынықтыру нұсқаушысы
7	Ата-аналар өтініші бойынша кеңес беру	Наурыз	Әдіскер, Педагогтар
8	Семинар-практикум: «Ал, канекей, ойнайық!»	Сәуір	Әдіскер, педагогтер



**«БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕР»  
МЕКТЕП ЖАСЫНА  
ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ  
АТА-АНАЛАРЫНА  
АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ  
ҚОСЫМША**





**«БЕСКЕ ДЕЙІН ҮЛГЕР»  
МЕКТЕП ЖАСЫНА  
ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ  
АТА-АНАЛАРЫНА  
АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ  
ҚОСЫМША**

*Қысқаша түсініктеме*

**«Беске дейін үлгер»  
мобильді қосымша  
мектепке дейінгі жастағы  
балалардың ата-  
аналарына арналған.  
Қосымша ата-ана мен бала  
арасындағы өзара әрекет,  
дағдыларды  
қалыптастыру, дамудың  
эртүрлі салалары бойынша  
(денсаулық, тамақтану,  
тәрбие, ойын, қарым-  
қатынас) ақпарат пен  
практикалық идеялар  
ұсынады. Қолданбаның  
қазақ, орыс және ағылшын  
тілдерінде нұсқалары бар.**



## Іс-әрекеттер

Тақырып аясы

0 ай - 4+ жыл

1 жасар баланы күтіп-бағу



Жинақтар

0 ай - 4+ жыл

2 жасар баланы күтіп-бағу



## Мақсаты

Ата-ананың бала-мен жұмыс істейтін заманауи құралмен қамтамасыз етілуі – отбасыдағы күнделікті тәрбие мен даму процесін қолдау.

Балаға мектепке дейінгі кезеңде қажетті дағдылар мен тәжірибе қалыптастыруға көмек көрсету.


Баланың жеке қасиеттерін, шығармашылық және эмоционалды дамуын қолдау.

Отбасылық ортада бала мен ата-ана арасындағы сапалы уақытты ұлғайту.



# МІНДЕТТЕРІ:

- 01** ата-аналар мен балаларға күтім жасайтын адамдарға ерте жас (0-5 жас) және балалардың өмір бойы дамуы мен әл-ауқатының маңыздылығы туралы ақпарат беру.
- 02** балалардың когнитивтік және әлеуметтік-эмоционалдық дамуына ықпал ететін сенімді ақпарат көздеріне ата-аналардың қол жеткізуін кеңейту.
- 03** алған білімді күнделікті өмірде қолдануды, балалардың өмір бойы даму әлеуетін және әл-ауқатын арттыратын салауатты әдеттерді дамытуды қолдау.



# ҚОСЫМШАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



Когнитивтік  
даму



Ойлау, есте сақтау және міндеттерді шешу дағдыларын дамыту, оқып беру, сөйлесу және ән айту арқылы сөйлеуді дамытуға баса назар аудару; зерттеу мен үйренуге ынталандыратын ойын әрекеті



Әлеуметтік-  
эмоционалдық  
даму



Балалардың өзіне деген сенімділігін және айналасындағылармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, эмоционалдық қолдау: эмоцияларды түсіну және оларды білдіру, бала мен ересек арасында жылы және сенімді қарым-қатынас орнату



Физикалық  
даму



Моторикалық дағдылар: ойын, сурет салу, жүгіру және белсенді қимылдар арқылы ұсақ және ірі моториканы дамыту, салауатты әдеттерді қалыптастыру: дұрыс тамақтану, гигиена, физикалық белсенділік, сенсорлық дағдыларға назар аудару: есту, көру, сипап сезу және басқа сезімдерді дамыту

# ҚОСЫМШАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ



Сөйлеуді  
дамыту



Қарым-қатынас, әңгімелеу және оқып беру арқылы сөздік қорды кеңейту, айтқанды тыңдау және түсіну дағдылары, қолды жазуға дайындау: дыбыстармен таныстыру



Өзін-өзі реттеу  
дағдыларын  
дамыту



Балаларға өзінің эмоциялары мен мінез-құлқын басқару дағдыларын үйрету, тәртіп пен зейін қоюды біртіндеп қалыптастыру, шыдамдылық пен дау-жанжалдарды шешу қабілетін дамытуға бағытталған ойындар мен жаттығуларды енгізу



Ата-аналар мен  
тәрбиешілерді  
қатыстыру



Ата-аналарды баланың алғашқы мұғалімі ролінде қолдау, балаларды күнделікті әрекетке тартудың практикалық тәсілдерін үйрету, үй, балабақша және қауымдастық арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту



Инклюзия  
және тең  
мүмкіндіктер



Барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау, ересектерді әртүрлі топтағы балалармен жұмыс жүргізуге үйрету

# СКАЧАТЬ ПРИЛОЖЕНИЕ



Скачать бесплатно для Android



## Характеристики приложения

Лицензия  
Бесплатно

дата обновления  
12 апр. 2024 г.

Платформа  
Android

OS  
Android 13.0

Язык  
Русский

Загрузки  
40

Разработчик  
Minderoo Foundation



## Thrive by Five для Android

Бесплатно На языке Русский V 2.2.31

★ 4.6 (0) Состояние безопасности

Обзор Softonic

## Бесплатная программа для Android от Minderoo Foundation.

Наше приложение предоставляет вам лучший опыт обучения для вашего ребенка, создавая интерактивные и образовательные мероприятия. Они предназначены для развлечения, стимулирования обучения и развития и поддержки родителей и опекунов в выполнении их задач.

Мы хотим дать родителям и опекунам самое лучшее для их детей с самого раннего возраста. Вот почему мы разработали это приложение, которое включает в себя мероприятия, которые родители и опекуны могут выполнять со своими детьми в классе или дома.

Это приложение было разработано с помощью профессионалов, чтобы обеспечить только лучшее качество.



App Store :



Google Play




Первые пять лет формируют жизнь ребенка

Маленькие моменты, которые имеют большое значение

Веселые и полезные занятия для всей семьи

История моей семьи

Адаптировано к вашей культуре



# Психолог кеңесі:

*«БІЗ ҚАЛАЙ БАЛАЛАРМЕН  
СӨЙЛЕСЕМІЗ?»*



## 1. Балаңызды тыңдаңыз

- Бала сөйлегенде бөліп тастамаңыз.
- Көзіне қарап, шынайы назар аударыңыз.

## 2. Жылы, сабырлы дауыспен сөйлесіңіз

- Қатты сөйлеу – баланы қорқытады.
- Сабыр – ең күшті тәрбие.

## 3. Кінәламаңыз – жағдайды түсіндіріңіз

**X** «Сен жамансың!»

**✓** «Бөлме шашылып тұр, кәне бірге жинайық.»

## 4. «Жоқ» сөзін дұрыс айту

- Себебін түсіндіріңіз.
- Балама нұсқа ұсыныңыз.  
«Қазір телефон болмайды, оның орнына сурет салайық.»



## **5. Жақсы сөз – жанға қуат**

- *«Жарайсың», «Мен сенімен мақтанамын»*
- *Үнемі қолпаштап, мадақтап отырыңыз.*

## **7. Эмоциясын қабылдаңыз**

- *«Сен ренжүлі сияқтысың, айтып берші.»*
- *«Қорыққаныңды түсінемін.»*

## **9. Үлгі болыңыз**

- *Балалар ересектерге қарап үйренеді.*
- *Сыпайылық пен сабырды көрсетіңіз.*

## **10. «Мен сені жақсы көремін!»**

*Бұл сөз – баланың өзін қауіпсіз сезінуінің негізі.*

## **6. Ашық сұрақтар қойыңыз**

- *«Бүгін не үйрендің?»*
- *«Саған не ұнады?»*

## **8. Күнделікті сөйлесіп тұрыңыз**

- *Серуенде, жолда, кешкісін...*
- *Балаға уақыт бөлу – махаббаттың белгісі.*



# Денсаулық – күн тәртібі



Дене тәрбиесі нұсқаушысы: А.Жанысбаева



A decorative border surrounds the page, featuring a repeating pattern of sports equipment icons: a tennis racket, a blue and yellow volleyball, a brown American football, a red table tennis paddle, a white and black soccer ball, an orange basketball, a badminton racket, and a pair of blue-rimmed glasses. The icons are arranged in a slightly overlapping, circular pattern along the top and bottom edges, and vertically along the left and right sides.

Құрметті ата-аналар:

Балабақшаға бармайтын баланың үйлесімді дамуы үшін күн тәртібінің маңызы өте зор. Бұл- баланың денсаулығын нығайтуға, мінез-құлқын реттеуге, зейінін, есте сақтауын, сөйлеуін, эмоциясын, қозғалысын дамытуға ықпал етеді.

Күн тәртібі не үшін қажет?

- Тұрақтылық береді. Балаңыз күнделікті қай кезде не болатынын біліп, өзін сенімді сезінеді.
- Жүйке жүйесі тыныштандырады. Белгілі тәртіппен өмір сүретін балада алаңдаушылық, ашуланшақтық азаяды.
- Әрекеттерін жоспарлауға үйретеді. Тамақ ішу, демалу, ойнау, жаттығу сәттерін кезекпен орындау баланың тәртіпке үйренуіне көмектеседі




## Күн тәртібіндегі тамақтанудың маңыздылығы

Баланың денсаулығы мен дұрыс өсіп-жетілуі үшін күн тәртібіндегі уақытылы және теңгерімді тамақтану ерекше маңызды рөл атқарады. Бала күні бойы қимылдап, ойнап жүреді. Сол үшін бойына қажетті қуат алу үшін уақытылы тамақтану керек. Белгілі бір уақытта тамақтануға үйренген бала ертеңгі күні де тәртіпті, жинақы бола біледі.

Тиімді әрі уақытылы тамақтану - мықты денсаулық пен сергек сананың кепілі!






Күн тәртібіндегі серуеннің балалар үшін маңыздылығы  
Серуен – баланың күн тәртібіндегі маңызды бір бөлігі. Серуен барысында балалар таза ауамен тыныстап, өкпе жұмысы жақсарады, иммунитеті күшейеді. Далада ойнап жүріп, жүгіреді, секіреді-бұл дене бұлшық еттерінің дамуына септігін тигізеді. Ашық ауада ойнаған бала сергек әрі көңілді болады. Серуен-баланың физикалық және психикалық дамуы үшін өте маңызды. Ата-аналар серуен уақытын дұрыс ұйымдастыру балаңыздың денсаулығын нығайтуына үлес қосқаныңыз.



Ата –аналарға кеңес:  
Күн тәртібін баланың психологиялық және физиологиялық ерекшелігіне сай жасаңыз.  
Тәртіпті сақтау барысында балаға түсіндіру, қолдау көрсету маңызды.  
Әрбір күннің бірқалыпты өтуі балаңыздың дамуына үлес қосылады.  
Сіздің қолдауыңыз-балаңыздың денсаулығы мен болашағының кепілі!


Келісемін»


КМҚК «Балбөбек» бөбекжай-  
бақшасының әдіскері:


 М.А.Нигмашева


«25» 12 2025ж.




Жауапкершілік:  Ақмаржан

Жауапкершілік:  Жадығұл

Құрамы:  Жадығұл

Қыс қанша ұзақ:  Құрбанова Гаухар

Тура:  Дәулетбай

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Мерекелік әуен мен өлеңдерге қызығушылықтарын арттыру. Жағымды эмоция қалыптастыру.

Күні: 25 желтоқсан айы. **Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік** шырша. Әсем әуенмен әлемімізге **Тақырыбы: «Құтты болсын, Жаңа жыл!»**

Жүргізуші: Жаңа жылдың тиімізін білген арайлы

Ақ ниетке бөлек ақыл маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бәхит, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Ендеше, мерекелік ертеңгілігімізді алу үшін балбөбекшімдеріңіздің басшысы

Ақтоғы Сайлауқызына сөз береміз!

Автор: аудиотаспа

Толық өрнектеліп әсем безендірілген, айнақар, бұлақ шыршақтар, сәнді жарықтар мен әлемі әнікейлер. Толығымен өлеңдерге қысқа өрнекте айналған. Жоғарыда қарға қырауды отыр. Орманда тыныштық, тек қардың сыбырлы гүні естіледі.

(Көңіл сақарым әуенмен сөз келген, қысқа мабизат әзіршісі қыс ханшайымы пайда болады)

Қыс ханшайымы: (көйлегі қарсыз, жұпайған дауыспен)

Мен қыспын, қаһарымды.

Бірақ бүгін әлсізбін

Көйлегімде қарларым жоқ,

Дөкем суық тоңып тұрмын.

Үш қарларым жоғалып кетті, кім алды екен?

Әсем кезде қарк-қарк деген дауыс естіледі

Қыс ханшайымы: Оу қарға, жоғарыда тұрсың, мүмкін сен бірдене көрген боларсың, айтсаңшы.

**«Құтты болсын, Жаңа жыл!»**

Ән жүріп тұрады: «Құтты болсын, Жаңа жыл!»

**Кейіпкерлер:**

Ақшақар: Көптілеу Ақмаржан

Аяз ата: Нурсейтова Жазира

Жалмауыз кемпір: Көптілеу Ақмаржан

Жылқы: Елекенова Жайнагуль

Қарға: Жумаканова Жанаргул

Қыс ханшайымы: Курбанова Гаухар

Түлкі: Лаура апай

**Мақсаты:** Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Мерекелік әуен мен ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Жағымды эмоция қалыптастыру.

**Ертеңгілік барысы:** Зал іші әдемі безендірілген. Ортада әдемі шырша. Әсем әуенмен әдемі киінген балалар.

**Жүргізуші:** Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы!

Ендеше, мерекелік ертеңгілігімізді ашу үшін балабақшамыздың басшысы

Ақтоты Сайлауқызына сөз береміз!

**Автор:** аудиотаспа

Зал іші өрнектеліп әсем безендірілген, аппақ қар, биік шыршалар, сәнді жарықтар мен әдемі әшекейлер. Толығымен сиқырлы қысқы орманға айналған. Жоғарыда қарға қырауда отыр. Орманда тыныштық, тек қардың сыбдыры ғана естіледі.

*(Кенет сиқырлы әуенмен сұлу киінген, қысқы табиғат әміршісі қыс ханшайымы пайда болады)*

**Қыс ханшайымы:** *(көйлегі қарсыз, мұңайған дауыспен)*

Мен қыспын, қаһарлымын.

Бірақ бүгін әлсізбін

Көйлегімде қарларым жоқ,

Денем суық тоңып тұрмын.

Ұлпа қарларым жоғалып кетті, кім алды екен?

Осы кезде қарқ- қарқ деген дауыс естіледі

**Қыс ханшайымы:** Оу қарға, жоғарыда тұрсың, мүмкін сен бірдеңе көрген боларсың, айтсаңшы.

**Қарға:** Табиғаттың сұлу әміршісі әрине мен бәрін көріп тұрдым, сенің қарларыңды түлкі ұрлап кетті, өзі де осы маңайда жүрген болар. (Осы кезде түлкі шыршаның жанында айналып жүреді) Әне, әне, келе жатыр қу түлкі.  
**Сол кезде түлкі қуланып:** Сәлем, сәлем достарым, бұл жерде қандай жайсыз хабар болып жатыр.

**Қыс ханшайымы:** Амансыңба қу түлкі, түк болмағандай момақан бола қалыпсың, менің ұлпа қарларымды ұрлап кетіпсің қанекей өзіме қайтар.

**Түлкі (балаша төмен қарап):** Орманда ешкім жоқ, айнала аппақ қар, ішім пысты... қармен ойнадым, білмей қалдым...

**Қыс ханшайымы:** Түлкі тыңда. Мен- табиғаттың әміршісімін. Қармен ойнауға болады, бірақ абай болу керек. Егер қарлар жоғалса, боран досым ренжуі мүмкін, ол қатты ренжісе сені де ұшырып жібереді, сондықтан мұқият болайық.

*(Ұшырып жібереді деген сөзден қорқып кеткен түлкі, кешірім сұрап ханшайымның қарларын әкеліп береді, ханшайым түлкінің түсінгеніне риза болып кешіреді)*

**Қыс ханшайымы:** Бұл қарларымды көйлегіме қалай ғана жабыстырсам болады екен, кім көмектеседі енді маған?

**Қарға:** Көңіліңді түсірме әміршім, мен көкте ұшып жүріп, балалардың орманға келіп, жаңа жыл мерекесін тойлағалы жатқанын естідім. Қастарыңда аяз ата мен ақшақар да бар екен.

**Қыс ханшайымы:** Рақмет, қанатты досым! Жақсы жаңалық айтып көңілімді көтердің.

**Жүргізуші:** Балалар шыршаны қараңдаршы қандай әдемі?

Осы шыршаға кімдер жетпей тұрған сияқты?

**Балалар:** Аяз ата мен ақшақар

**Жүргізуші:** Дұрыс айтасыңдар, ендеше Аяз Ата мен Ақшақарды шақырайық.  
*(Осы кезде сыпырғышына мініп ортаға жалмауыз кемпір кіріп келеді.)*

**Жалмауыз кемпір:** Мына жерде не болып жатыр неге мені шақырмайсыңдар

**Жүргізуші:** Жалмауыз кемпір оның дұрыс болмады. Біз Аяз ата мен ақшақарды күтіп тұрмыз.

**Жалмауыз кемпір:** Ха-ха-ха-ха жоқ сендерге келмейді қазір мен алдарынан күтіп алып кедергі жасаймын, оларды сендерге жібермеймін.

Мен қарсымын сендерде шырша тойы болмайды.

*(Жалмауыз кемпір балаларға жұмбақ жасырып, ойын ойнатып кетіп қалады)*

**Жүргізуші:** Балалар қайтадан қатты шақырайықшы.

*(музыкамен ортаға Аяз Атамен Ақшақар кіреді)*

**Аяз ата:** Сәлеметсіздерме балақайлар!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерді сағынып келді ау алыстан.

Мен сендерді алыстан сағынып келдім. Сендермен қауышқанымға өте қуаныштымын.

**Ақшақар:** Ақшақармын, аппақпын,

Қалай тыныш жатпақпын.

Менсіз қыстың сәні жоқ

Әнім, жырмын, тақпақпын.

**Қыс ханшайымы:** Амансыңдарма, аяз ата ақшақар!

Менің сиқырлы орманымға қос келдіңдер!

**Ақшақар:** Сәлеметсізбе, қыс ханшайымы. Неліктен көңіл-күйіңіз болмай жабырқап тұрсыз?

**Қыс ханшайымы:** Бойымда ұлпа қарларым жоқ, денем суық тартып көңіл күйім болмай тұр. Менің көйлегімді ұлпа қарлармен безендіруге көмектесесіңдер ме?

**Ақшақар:** Балалар қыс ханшайымына көмектесеміз бе?

**Ойын:** «Қармен қыс ханшайымның көйлегін безендіру»

Балалар қыс ханшайымының көйлегінің етегіне қарларды еппен жабыстырып береді. **Қыс ханшайымы:** Рақмет сендерге балалар, көңілім толды, ал мен сендермен қоштасайын.

Сау болыңыздар, балалар!

*(Қыс ханшайымы қоштасып залдан шығып кетеді)*

*(Содан соң залға жылқы келеді, Жылқы запись жүреді)*

**Жүргізуші:** Қос келдіңіз, Жаңа жыл!

**Жылқы:** Сәлеметсіздер ме, балалар! Мен Жаңа жыл, Жылқы жылымын. Сіздерге төзімділік пен сабыр, күш әкелдім. Жаңа Жылдарыңыз құтты болсын! Менімен бірге билейсіздер ма? (Балалар жылқымен заманауи би билейді)

**Жүргізуші:** Балалар аяз атаға тақпақ айтып, сыйлық аламыз ба? Кім айтады? *(Балалар тақпақтарын айтады)*

**Жүргізуші:** Аяз ата Ақшақар сіздерге балалардың өнерлері ұнап жатыр ма сіздерге?

**Аяз ата:** Әрине, ұнап жатыр өте керемет өнерлі балалар екен.

**«Шыршаға бардық» әні**

Осымен мерекелік кешіміз аяқталды. Сау болыңыздар!